

**Шикізат емес экспортты дамытудың және өңдеуші салаларға ауқымды инвестициялар тартудың тиімді жүйесін құру жөніндегі 2006 - 2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 мамырдағы N 456 Қаулысы

Қазақстанның өңдеуші салаларының экспорттық әлеуетін тиімді іске асыру және экономиканың шикізат емес секторына трансұлттық корпорацияларды тарту жолымен әлемдік экономикаға ықпалдасудың артықшылықтары негізінде Қазақстан Республикасы экономикасының ұзақ мерзімді орнықты өсуін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шикізат емес экспортты дамытудың және өңдеуші салаларға ауқымды инвестициялар тартудың тиімді жүйесін құру жөніндегі 2006 - 2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері және мүдделі ұйымдар Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етсін және есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жарты жылдың қорытындылары бойынша Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпаратты ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылдың қорытындылары бойынша Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 25 мамырдағы

N 456 қаулысымен бекітілген

**Шикізат емес экспортты дамытудың және өңдеуші салаларға ауқымды инвестицияларды тартудың тиімді жүйесін құру жөніндегі 2006-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

Р/с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындалу мерзімі	
----------	---------	------------------	---------------------	--

№				Орындалуына жауаптылар
1	2	3	4	5
<b>1. Инвестицияларға жәрдемдесу және экспортты ілгерілету жөніндегі мамандандырылған құрылым құру (бұдан әрі - Мамандандырылған құрылым)</b>				
1.	<p>Ұлыбритания, Бельгия, Нидерланды, Франция, Ирландия, Чехия, АҚШ, Жапония, Корея, Сингапур, Малайзия сауда-инвестициялық агенттіктерінің (сауда, инвестициялық, экспортты ілгерілету жөніндегі, басқа да ұқсас құрылымдардың) қызметі туралы ақпаратты мынадай құрылым бойынша ж и н а у :</p> <p>мақсаттары мен міндеттері; меншік нысаны; ұйымдастырушылық құрылымы; штат саны; шығыстар құрылымы; қаржылық қамтамасыз етілуі; агенттіктің шетелдегі қызметін кеңейту жөніндегі тәжірибесі.</p>	ИСМ-ге, ЭБЖМ-ге ақпарат	2006 жылғы 5 шілде	СІМ»"Қазына" орнықты даму қоры" АҚ
2.	Қазақстан жағдайында (құқықтық және қаржылық) қолдану үшін неғұрлым қолайлы Мамандандырылған құрылымның моделін айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2006 жылғы 10 шілде	И С М (жинақтау), ЭБЖМ
3.	Мамандандырылған құрылымның қазақстандық моделі үшін бағдарлар ретінде айқындалған агенттіктердің өкілдерімен екі жақты кездесулерге қатысу үшін Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғаларын шетелге іссапарға жіберу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне кездесулер өткізу бойынша есеп	2006 жылғы III тоқсан	И С М (жинақтау), СІМ, ЭБЖМ, Әділетмині
4.	Шетелде өкілдіктер желісі бар Мамандандырылған құрылымды құру	Қазақстан Республикасының	2006 жылғы қараша	И С М (жинақтау), С І М ,

	жөнінде әзірлеу ұсыныстар	Үкіметіне ұсыныстар		ЭБЖМ,»"Қазына" орнықты даму қоры" АҚ
<b>2. Шикізат емес экспортты дамыту бойынша тиімді жүйе құру</b>				
1.	Шет елдердің экспортты дамытуды және оның ілгерлеуіне жәрдемдесуді ынталандыру жөніндегі тәжірибесін талдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2006 жылғы шілде	И С М (жинақтау), АШМ, ЭБЖМ, СІМ, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ
2.	Шикізат емес бағыттағы перспективалы қазақстандық тауарлар мен брендтердің тізбесін, оларды әлемдік нарықтарға одан әрі жылжыту үшін айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2006 жылғы желтоқсан	ИСМ
3.	Негізгі міндеттері кәсіпкерлерге»"жалғыз терезе" режимінде растау, рұқсат ету құжаттарын (сапа сертификаты, тауарлардың шығу тегі, лицензиялардың алуан түрлері және т.б.) алу жөніндегі қызметтерді ұсыну, сондай-ақ экспортты ілгерілету мәселелері бойынша отандық кәсіпкерлердің консультациялар беруі болатын экспортты ілгерілетуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтерді ұсыну орталығын құру мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2006 жылғы ІІІ тоқсан	ИСМ (жинақтау), ЭБЖМ, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ
4.	Тауарлардың өспелі демпингілік және субсидияланатын импортынан ішкі нарықты қорғау арқылы отандық тауар өндірушілерге жәрдемдесу жөніндегі жұмыстарды жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Жыл сайын 10 шілде	ИСМ
5.	Сыртқы сауданы жүзеге асыру кезінде туындайтын сыртқы сауда дауларын реттеу арқылы сыртқы нарықтарға отандық тауарларды	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар		ИСМ

	жылжытуға жөніндегі пысықтау	жәрдемдесу мәселені		Жыл сайын 10 шілде	
6.	Қазақстанның негізгі сауда және инвестициялық әріптес елдерінің саяси, экономикалық, қаржылық және әлеуметтік ахуалына талдау жүргізу		ИСМ-ге ақпарат	2006 жылғы 5 шілде	СІМ, ЭБЖМ
7.	Қазақстанның негізгі сауда және инвестициялық әріптес елдерінің осы елдердегі шетелдік компаниялардың сауда-инвестициялық қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базасына талдау жүргізу		Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2006 жылғы 10 шілде	ИСМ (жинақтау), СІМ
8.	Сыртқы нарықтарға отандық тауарларды, қызметтер мен капиталдарды шығарудың мүмкіндіктері мен тәсілдері туралы ақпаратты жинау және отандық компаниялар мен кәсіпкерлерге жеткізу		Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2006 жылғы 10 шілде	И С М (жинақтау), Қаржымині, К К М, Қ Р ҰБ,»"Қазына» орнықты даму қоры" АҚ
9.	Мынадай номинациялар: "Жыл экспорттаушысы", "Үздік сауда маркасы", "Үздік дизайн" және т.б. бойынша»"Отандық дайын өнімнің үздік экспорттаушысы" жыл сайынғы конкурсын өткізу жөніндегі мәселені қарау		Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	2006 жылғы II тоқсан	ИСМ

### 3. Экономиканың өңдеуші салаларына трансұлттық және ірі шетелдік компанияларды тарту

1.	Іріктелген басым салаларға (кластерлерге) оларды одан әрі тарту үшін шикізат емес мақсаттағы өнімді шығаруға маманданған басым трансұлттық компанияларды (жетекші әлемдік брендтерді) айқындау		Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2006 жылғы 10 шілде	И С М (жинақтау), С І М, ЭБЖМ,»"Қазына" орнықты даму қоры" АҚ
2.					

	Инвестордың ақпараттық пакетін (елдік экономикалық және инвестициялық анықтама, инвестициялық жобалар), оның ішінде кластерлік бастамаларды таныстыру бойынша қалыптастыру	СІМ-ге ақпарат	2006 жылғы II тоқсан	ИСМ, ЭБЖМ, АШМ, ККМ, ЭМРМ, ТСМ, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ
3.	Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру бойынша ақпараттық жұмыс жоспарын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімінің жобасы	2007 жылғы мамыр	ИСМ
4.	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысына ел экономикасының шикізат емес секторына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру жөніндегі мәселені шығару	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2006 жылғы 10 шілде	И С М (жинақтау), СІМ, ЭБЖМ
5.	Шетелдік инвесторлардың бастамаларын іске асыру үшін қазақстандық әріптесті іздестіру жүйесін құру жөніндегі мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	2006 жылғы III тоқсан	И С М (жинақтау), "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ
6.	Қаржыландыруды талап ететін басым инвестициялық ұсыныстардың (жобалардың) тізбесін қалыптастыру	И С М белгілеген нысан бойынша ИСМ-ге ақпарат	Тоқсан сайын	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ

**Е с к е р т п е :**

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ЭБМЖ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар

м и н и с т р л і г і

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ҚР ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі

"Қазына" орнықты даму қоры" АҚ -»"Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік

қ о ғ а м ы

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК